

Сұлтанғалиева Р.Б.^{1*}, Сағынбаева Д.Т.²

^{1,2}*М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан*

E-mail: ¹R.Sultangalieva@mail.ru, ²sagynbaeva_d02@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-3125-3759, ²0009-0000-3242-7533

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҚУЫРШАҚ ФЕНОМЕНІ

Аңдатпа. Қуыршақ ғылымның әртүрлі салаларындағы зерттеушілердің назарын аударып келеді, өйткені қуыршақ ежелден бері адамға қатысты өмірдің маңызды аспектілерінде көрініс тауып отырады. XX ғасырдан бастап бұрын тұрмыстық, салт-дәстүрлік, діни бағытта ғана қолданылған қуыршақтың бүгінде сан түрлі қызметтері қалыптасты. Бүгінгі таңда сурет пен сәулет өнері, театр, философия мен әдебиетте, техника мен технологияда қуыршақ құрал әрі ғылыми нысан ретінде қолданылады. Мақалада әдебиеттегі қуыршақ образының ойын элементі, мистика, жанама мінездеме беруші ретінде шығармаларға арқау болуы талданады. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі қуыршақ образы жан-жақты пайымдалады. Көркем туындылардағы қуыршақ бейнесі, оның мазмұндық, көркемдік ерекшеліктері ғылыми еңбектердегі тұжырымдармен салғастырыла сараланады. Қуыршақтың әдебиеттегі көркемдік табиғатын толықтай ашу мақсатында типологиялық, функционалдық қызметтері сөз болады. Зерттеу барысында қуыршақтың антропоморфты ойыншық ретінде ерекше орын алатыны анықталып, бұл қасиеті оның балаларға ғана емес, ересектерге де қатысты екені дәлелденеді. Кейіпкер образын толықтырудағы қуыршақтың рөлі нақты мысалдар түрінде талданады. Мұхтар Мағауиннің «Қуыршақ», Алмаз Мырзахметтің «Қуыршақ», Лира Қоныстың «Қош, Күнекей» және «Неміс тілі апайы», Айгүл Жұбаныштың «Қуыршақ» әңгімелері аясында шығарма авторларының қаламгерлік ерекшеліктері, мотивтері сараланады. Қазіргі қазақ прозасындағы қуыршақ феноменінің көркемдік сипатын зерттеу арқылы қазақ әдебиеттануының бағыт-бағдары анықталып, қазақ қаламгерлерінің қуыршақ образын ашудағы және образдар әлемін байытудағы авторлық ізденістері айқындалады.

Кілт сөздер: әңгіме, образ, қуыршақ феномені, мистицизм, антропоморфты ойыншық, символ, ойын элементі.

Sultangaliyeva R.B.^{1*}, Sagynbayeva D.T.²

^{1,2}*Mahambet Utemisov West Kazakhstan University, Oral, Kazakhstan*

E-mail: ¹R.Sultangalieva@mail.ru, ²sagynbaeva_d02@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-3125-3759, ²0009-0000-3242-7533

PUPPET PHENOMENON IN CONTEMPORARY KAZAKH STORIES

Annotation. The puppets attract the attention of researchers from different fields of science, as the doll has been reflected in the most important aspects of life in relation to human life since time immemorial. Since the twentieth century, today there are many different functions of the doll, which were previously used only for household, traditional and religious purposes. In painting and architecture, theatre, philosophy and literature, technology and engineering, the doll is used as a tool and object. The article analyses the playful function of the doll image in literature as an element of play, mysticism, indirect characterization. The image of the doll in modern Kazakh stories is comprehended in various ways. The image of the doll in fiction works, its content, artistic features are compared with the conclusions in scientific works. In order to fully disclose, the artistic nature of the doll in literature, it is about typological, functional approaches. The research has shown that the doll occupies a special place as an anthropomorphic toy, and it has been proved that this property applies to adults, not children. The activity of the doll in an auxiliary role in complementing the character's image is analysed through case studies. Within the framework of the stories of Mukhtar Magauin «Quyrshaq» («The Doll»), Almaz Myrzakhmet «Quyrshaq» («The Doll»), «Qosh, Kunekey» («Farewell, Kunekey») and

«Nemis tili apaiy» («The German Teacher») by Lira Konys, «Quyrshaq» («The Doll») by Aigul Zhubanysh, the writing features, motives of the authors of the work will be analysed. Researching the artistic character of the puppet phenomenon in modern Kazakh prose, another direction of Kazakh literary studies is revealed, authors' searches of Kazakh writers in revealing the puppet image, complementing the world of images are divulged.

Key words: story, image, puppet phenomenon, mysticism, anthropomorphic toy, symbol, element of play.

Султангалиева Р.Б.^{1*}, Сагынбаева Д.Т.²

^{1,2}Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, Орал, Казахстан

E-mail: ¹R.Sultangalieva@mail.ru, ²sagynbaeva_d02@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-3125-3759, ²0009-0000-3242-7533

ФЕНОМЕН КУКЛЫ В СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗАХ

Аннотация. Кукла привлекает внимание исследователей из различных научных дисциплин, так как с древних времен она занимала значительное место в жизни человека, отражая важные аспекты его существования. Начиная с XX века, кукла, которая прежде использовалась исключительно в бытовом, обрядовом и религиозном контексте, обрела множество новых функций. Она стала инструментом и предметом в таких областях, как изобразительное и архитектурное искусство, театр, философия, литература, техника и технологии. В статье проводится анализ художественной роли образа куклы в литературе, рассматривается её роль как элемента игры, мистического символа и средства косвенной характеристики. Образ куклы в современных казахских рассказах исследуется всесторонне. Образ куклы в художественных произведениях анализируются с точки зрения их содержательных и художественных особенностей, сопоставляясь с выводами научных исследований. Для полного раскрытия художественной природы куклы в литературе рассматриваются ее типологические и функциональные аспекты. В процессе исследования выявлено, что кукла как антропоморфная игрушка занимает особое место, и доказывается, что ее данное качество связано не с детьми, а со взрослыми. Роль куклы как вспомогательного средства для дополнения образа персонажа анализируется на конкретных примерах. Произведения «Кукла» («Куыршақ») Мухтара Магауина, «Кукла» («Куыршақ») Алмаза Мырзахмет, «Прощай, Күнекей» («Қош, Күнекей») и «Учительница немецкого языка» («Неміс тілі апайы») Лиры Қоныс, а также «Кукла» («Куыршақ») Айгуль Жубаныш рассматриваются с точки зрения авторских особенностей и мотивов. Исследование феномена куклы в современной казахской прозе позволяет выявить новое направление в казахском литературоведении, подчеркивая авторские поиски в раскрытии образа куклы и обогащении мира образов казахских писателей.

Ключевые слова: рассказ, образ, феномен куклы, мистицизм, антропоморфная игрушка, символ, элемент игры.

1. Кіріспе

Куыршақ ғасырлар бойы адамзатпен бірге өмір сүріп келеді. Оның арқасында бала өседі, қоршаған әлемді, мәдениетті таниды, сондықтан куыршақ адам өмірінде елеулі орын алады. Ал біз үшін маңызды болған құбылыс пен заттар әрқашан әдебиетте көрініс табатыны белгілі. Куыршақтың бірде-бір түрін білмейтін халық болмаған.

Әрбір тарихи кезеңде қуыршақ жаңа мазмұн мен пішінге ие болады. Көбіне қуыршақ образын ертегілерден кездестіреміз. Дегенмен кейінгі уақытта қуыршақтың көркем шығармада атқаратын түрлі қызметтері пайда болып, көркемдік қуаты артып, оны қазіргі қазақ қаламгерлері сан салалы бағытта өз шығармаларына арқау ете бастады.

«Қуыршақ» сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 10-томында (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011) былай тарқатылады: 1) қыз, бойжеткен, кішкентай бала бейнесіндегі қыз балалар ойыншығы; 2) осы ойыншықпен ойнайтын ойын; 3) әркімнің еркінде кететін, біреудің айтқанын істейтін адам; 4) адам бейнесіндегі мүсін. Яғни, қуыршақ – адамның көшірмесі, оның тұрмыстағы, өнер түрлеріндегі көрінісі. Ол – иллюзия емес, қайта өзгертілген материал, сезілетін нәрсе, кейде өнер туындысы. Орыс әдебиеттанушысы Юрий Лотман «Куклы в системе культуры» атты мақаласында әрбір маңызды мәдени объект әдетте екі түрде әрекет ететінін: өзінің тікелей әрекетінде, белгілі бір әлеуметтік қажеттіліктерге қызмет ететінін және «метафоралық» қызметі, яғни оның белгілері әлеуметтік фактілердің кең ауқымына ауысып, модельге айналатынын сөз еткен (Лотман, 1992). Қаламгерлердің өз шығармаларында қуыршақты образ не деталь ретінде алуына басты алғы шарт осы деп тұжырымдауға толық негіз бар. Яғни, оның негізгі және ауыспалы екі қыры авторлар үшін таптырмас көркемдік құрал десек болады.

«Қуыршақ» феномені шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, жалпылама айтқанда, мәдениеттің аясында ғана зерттеліп келді. Ал тек әдебиеттегі қуыршақ образын өз зерттеуіне арқау еткендер сирек. Қазақ әдебиеттануында жоқтың қасы. Қуыршақ образын қаламгер түрлі мотивте құбылтып қолдана алады. Қуыршақ – жансыз адам, сезім атаулыдан ада тірі өлік немесе сырты мінсіз болғанымен, іші қуыс пенде, оқырманның бойында үрей туғызатын кейіпкер немесе интерьерлік деталь. «Қуыршақ» образы – бала мен үлкенге де ортақ. Жазушылар қуыршақ арқылы кейіпкерге жанама мінездеме бере алады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Мақалада салыстыру, жүйелеу, жанрлық-типологиялық, тарихи-салыстырмалы, объективті-аналитикалық талдау әдістері қолданылды. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі қуыршақ образының мазмұндық, түрлік ізденістерді саралауда жазушылардың шығармалары тақырыптық тұрғыда жүйеленді, өзара салыстыра талданды. Қуыршақ образының сан алуан қызметі мен образы, психологизм, мистицизм бағытында жазылған әңгімелер салыстырыла зерттелді. Қазақ әңгімелеріндегі мистикалық сарын мен шытырман оқиғаға құрылған шығармаларға жанрлық-типологиялық талдау жасалды. Әңгімелердегі мазмұндық және пішіндік ізденістерді ғылыми саралауда объективті-аналитикалық талдау әдістері қолданылды.

2.2. Материалдарға сипаттама

XX ғасырдың аяғында қуыршақтың мәдениет жүйесіндегі маңызы арта бастады. Бұрын негізінен театрда әртіс немесе ойыншық ретінде болған қуыршақтар қазір көрмелерде көпшілік назарына ұсынылады, интерьер дизайнында қолданылады. Сондай-ақ көркем әдеби шығармаларда кейіпкер ролінде, кейде деталь ретінде көрініс тапты. Бұған дейін қуыршақ мифологиялық, дәстүрлік және ойыншық аспектісі

ретінде зерттеліп келсе, әдебиеттегі жаңашылдыққа байланысты бұл феноменнің тың қырлары ашылуда. Зерттеудің қазіргі қазақ әңгімелеріндегі «қуыршақ» феноменін жан-жақты талдап, жаңа әдеби-мәдени үдерістер аясында пайда болған образдар мен идеялық-көркемдік мәселелерді зерделеу деген мақсаты аясында бірнеше ғылыми еңбектер негізге алынды. Мақалада Ю.М.Лотманның, И.А.Морозовтың, И.А.Подавылованың, А.Ю.Сергеева-Кляtis пен А.А.Россомахиннің, И.Хейзингтің, Чи-Лин Ю мен Генри М.Уэллманның, Г.Р.Сәулембектің ғылыми еңбектеріне шолу жасалып, әдебиет пен мәдениеттегі қуыршақ феноменіне қатысты тұжырымдары сараланды.

«Қуыршақ» тақырыбы, әсіресе, орыс ғалымдарының еңбектерінде кеңірек зерттелді. Әдебиетші Ю.Лотманның «Куклы в системе культуры» (Лотман, 1992) еңбегінде және этнограф И.Морозовтың «Феномен куклы в традиционной и современной культуре. Кросскультурное исследование идеологии антропоморфизма» (Морозов, 2011) атты монографиясындағы қуыршақты мәдениеттегі феномен ретінде зерттеулері негізге алынды. Нидерланд философы И.Хейзингтің «Homo Ludens: A Study of the Play-Element of Culture» (Хейзинг, 1949) еңбегіндегі ойын элементі, оның ішінде қуыршақтың мәдениеттегі орны, адамға әсері жайлы тұжырымдары талқыланды. И.Подавылованың «Игрушка в художественной литературе XIX-XX вв.» (Подавылова, 2020) атты ғылыми зерттеуінде қуыршақтың әдеби туындылардағы ойыншық ретіндегі рөлі талданды. Чи-Лин Ю мен Генри М.Уэллманның (Чи-Лин Ю, Уэллман, 2022) ғылыми еңбегіндегі қуыршақтың балалардың танымына әсері жайлы пікірлері қарастырылды. А.Сергеева-Кляtis пен А.Россомахиннің «Капельмейстер, архитектор, ботаник и антрополог: о подтексте и контексте поэмы В.Маяковского «Флейта-позвоночник» (Сергеева-Кляtis, Россомахин, 2012) атты мақаласындағы қуыршақ образын талдауынан мысал келтірілді.

Қуыршақты шығармаларына кеңінен арқау еткен орыс жазушысы М.Салтыков-Щедрин «Игрушечного дела людишки» шығармасында әлемде бар барлық жұмбақтардың ішінде қуыршақтың құпиясы ең жұмбақ деп түйіндеген (Салтыков-Щедрин, 1974:89). Расымен де, ол түрлі мотивте қолданылып, кейіпкердің образын толықтырушы, оған мінездеме беруші ретінде және тағы да басқа бейнелерде көрініп жүр. Ғылыми мақалада сөз болған Мұхтар Мағауиннің «Қуыршақ», Алмаз Мырзахметтің «Қуыршақ», Лира Қоныстың «Қош, Күнекей» және «Неміс тілі апайы», Айгүл Жұбаныштың «Қуыршақ» әңгімелерінен осыны байқаймыз.

3. Талқылау

Ресейлік этнограф, фольклортанушы, ойын тарихы мен теориясының маманы Игорь Морозов «Феномен куклы в традиционной и современной культуре. Кросскультурное исследование идеологии антропоморфизма» (Морозов, 2011:22) атты монографиясында қуыршақты мәдени құбылыс ретінде қарастырудың үш негізгі аспектісін былайша жіктейді: мифологиялық, яғни мифология мен нанымдардағы қуыршақтың функциялары, атап айтқанда, әлем мен адамның жаратылуы туралы мифтер; ғұрыптық, яғни қуыршақтар мен олардың аналогтарын дәстүр және сикырда қолдану; ойын, яғни қуыршақтарды ойын-сауық пен ойындарда пайдалану. Жоғарыда аталған қазақ жазушыларының әңгімелерінде қуыршақ образы осы үш аспекті негізінде түрлі образдар арқылы көрініс табады.

Мәселен, жазушы Мұхтар Мағауиннің «Қуыршағы» мистика және вампиризммен астасып жатыр. Әңгімеде екі желі бар: жан сорушы қыз бен Құрманның ара қатынасы және осы тылсым қыз жайындағы әңгімені баяндаушы Құрман мен тыңдаушының желісі. Әңгіменің мына бір тұсында: «Әрине, әуелі жаңадан келген бейтаныс қыздарға көз саласың ғой. Бірден-ақ оттай басылды. Бойы ортадан төмен, өте нәзік, ақ сұр, иә, бидай өндігей бейім, сұрша қыз екен. Қуыршақтай» (Мағауин, 2004:128) деп Құрманның қызды алғаш көрген сәті, әсері баяндалып, сол әсерден өзі қызды Қуыршақ деп атап кететіні жазылған. Қызбен жанары түйіскендегі сезімді Құрман әлдебір қуатты өріс шарпуына түскендей кейіпте болды деп сипаттайды. Қыз Құрманды «Құрбан» дейді. Бұл кездейсоқ емес. Осыдан бастап кейіпкердің өмірі тылсым оқиғаларға тола бастайды. «Мен тағы да, осымен үшінші рет, бойымдағы бар қуатым сарқылғандай, әрең шешініп, төсекке құлай кеттім. Шаршағаным сондай, бұл жолы да көз іліп ұйықтай алмадым. Осымен үшінші мәрте. Есептеп қарасам, біздің танысқанымызға, Қуыршақ қызды алғаш құшып сүйгеніме бүгін тура тоқсан күн – үш ай болған екен. Сол кезде көңіліме қауіп кірді. Ішім алай-түлей. Қуыршақ қыздың менің еркімді билеп алғаны анық еді» (Мағауин, 2004:137) дейді бір сөзінде Құрман. Махаббаттың ба әлде тылсым күштің бе, ненің арбауында жүргенін білмей дал болған, әлсіреген адамның образын көреміз.

Шығармада біздің тақырыбымызға қатысты екі мотив бар. Оның бірі – қыздың қуыршақтай сұлу да мінсіз болуынан «Қуыршақ» деп аталып кетуі және қыздың Құрманға зәңгі қуыршақты сыйға беруі. Әдебиеттанушы ғалым Гүлмира Сәулембек «Мистикалық прозадағы вампиризм: М.Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесі негізінде» атты мақаласында: «Автор африкалықтардың нанымдарындағы Вуду немесе вольт қуыршақтарымен жасалатын қара магия элементтерін сюжеттің мистикалық сипатын қоюландыру үшін қолданады. Вольт қуыршақтары адамның рухын қуыршақтарға көшіру арқылы жадылап өзіне қарату, денсаулығына зиян тигізу т.б. мақсатымен де жасалатын болған...Автор шығармада Вуду қуыршақтарының қалыптасқан символикалық мәнін шығармасына арқау еткен. Олай дейтін себебіміз Қуыршақ қыз сыйлаған қуыршақтың зәңгі тектес болуы африкалықтардың осынау нанымдарына тұспал жасап тұрғандай» (Сәулембек, 2021:6) дейді. Расымен де, әңгімеден «Қуыршақ – жан алғыш вампир қыз» және «қуыршақ – магия» қатынасындағы тың образдарды байқаймыз. Мысалы, Құрман қыз сыйлаған қуыршақты былайша сипаттайды: «Зәңгі қыз – біртүрлі қызық. Басы доп-домалақ. Төбесіне бұйра талшықтар жабыстырылған. Көзі аларған, қарасынан ағы көп. Аузы үлкен, дүрдиген ерні қып-қызыл. Жалаңаш мойнында салбыраған шыны алқа, емшегі шошайған, үлкен әрі ашық. Белінде бармақтай ғана қызыл белдемше бар. Аяқ, қолы ара жіптік қыстырып бұратылған қоңыр сым. Алақаны мен табаны тағы шынашақ басындай қызыл бүрме. Яғни, бүкіл қуыршақ қара мен қызылдан құралған» (Мағауин, 2004:145). Автор вуду қуыршағының сипаттамасын дәлме-дәл суреттеген. Сондай-ақ бұл екі қуыршақтың арасында байланыс бар. Мысалы, «Қуыршақ қыз үйінің телефонын айтты. – Ал махаббат...өргеніп кеткен. Менің аяқ-қолымды байлап, аямай отқа салдың емес пе?.. Жарар енді», – деп болмашы күрсінді де жүре берді» (Мағауин, 2004:154). Осыған ұқсас желі Маяковскийдің «Флейта-позвоночник» поэмасында да кездеседі. Өлеңнің

басынан-ақ кейіпкерге ілесіп жүретін қосарлылық мотиві (қуыршақ пен әйел) мұнда ерекше айқын көрініс тапқан. Мақалада Маяковскийдің Гофманның бейнелерімен ойнайтыны: әйелдің өлімі туралы, қуыршақ қаһарманның егізі туралы жырланғаны сөз болған (Сергеева-Клятис, Россомахин, 2016:83).

Мұхтар Мағауиннің бұл әңгімесі постфольклор негізінде жазылған. Филология ғылымдарының кандидаты Ақеділ Тойшанұлы «Қаламгер» әдеби-танымдық порталында жарияланған «Мағауиннің жаңа прозасының алтын өзегі» атты мақаласында: «М.Мағауин «Қуыршақ» деген әңгімесіне қазіргі ел ішінде айтылатын жансорғыш (вампиір) әйел туралы хикаяны (демонологияны) арқау етеді... Бұл әңгімеде фольклордағы хикая жанрының шарттары (деректілік-нанымдылық, оқиғаның қараңғы түнде орын алуы, елес, түс т.б.) түгел сақталған. Жазушы қалалық өмірді, мәселен, фабрикада өндірілген қуыршақтың тірілуін, жансорғыш әйелдің әрекетін, одан физиктің қорқуын суреттеуі былайғы көзге қазақы негізден алшақ секілді көрінеді. Бірақ қазақ ертегілерінде еркектерді дуалап итке, торғайға, есекке айналдырып әуре ететін сиқыршы әйелдердің небір бейнесі мол кездеседі», – деген пікірді алға тартады (Тойшанұлы, 2010). Фольклор мен мистика қазіргі прозада осылай көрініс табады. Қуыршақ секілді жанды баурап алатын тылсым сұлулығы бар вампиір қыз және вуду қуыршағының символикалық мәні өзара байланысып жатыр. Көріп тұрғанымыздай, бұл әңгімеде қуыршақ кейіпкер ретінде де, көркемдік деталь ретінде де бой көрсетеді. Жазушының жаңашылдығы сол, қуыршақтың тылсым кейіпін екі тұрғыдан да байланыстыра суреттеп тұр.

Әлемдік фантастикалық шығармаларда кейіпкердің қасында қуыршақ болады. Орыс ертегілерінде кейіпкердің көмекшісі – қуыршақ. Ол қиын уақытта көмектесе алатын күштің иесі ретінде суреттеледі. Мұндай қуыршақтар «Терешечка», «Красавица Василиса», «Князь Данила-Говорило», «Грязнавка» орыс халық ертегілерінде, «Қуыршақ» үнді ертегісінде кездеседі. «Қуыршақ» тақырыбы архаикалық және қазіргі заманғы ойлаудың арасындағы аралық көпір іспетті. Қуыршақтың шындық пен мистицизм, сиқыр және натурализм шегінде еркін тепе-теңдікке мүмкіндік беретін әмбебап болуы символдық делдал және алмастырушы белгі ретіндегі рөлін айқындады. Қуыршақтың дуалистік сипаты оған көптеген өзгерістерге қатысуға мүмкіндік береді (адам қуыршаққа айналады және керісінше). Жазушы Алмаз Мырзахметтің «Қуыршақ» әңгімесінде қуыршақ басты кейіпкердің сырлас досы, жалғыздығын жамаушы образында қолданылады. Шығармада отбасынан жылу көрмеген қыздың актриса болуы, кейін сахнадан шет қалып, өз үйінде қуыршағына қойылым қоюы баяндалады. Актрисаның өмірін жаны жоқ қуыршақпен салыстыра отырып, психологиялық параллелизм жасайды. «Бір күні бүлдіршін актрисаға әкесі қуыршақ сыйлады. Сондай үлкен, сондай сүйкімді. Жатқызсаң көзін жұмады, тік тұрғызсаң оянады. Сөйлемейтіні болмаса, кәдімгі бала сияқты. Бірақ сөйлемегені жақсы, әйтпесе қуыршақ та жасандылыққа ұрынар еді. Қуыршақ ақымақтарға лайықты жауап үнсіздік екенін бек түсінетін, сондықтан ол актриса үшін бойжеткен шағында ата-анасы тыңдамайтын, айтқызуға мүмкіндік бермейтін сырлардың, құлыпта тұрған құпиялардың сандығы бола білді. Иә, қуыршақ – құпия сақтай алатындығымен бағалы... Көбіне үйде жалғыз қалатын, жан

баласымен жарытып сөйлеспейтін кішкентай қыздың сахна әлеміне осылай қуыршақ енді. Сол күннен бастап бақытсыздық ұя салған мына пәтердің табиғаты бала қиялы арқылы жаңаша сипаттағы көрінісін бастаған еді. Алғашқы таныстық сәті қандай қызық?! Қуыршақтың алғашқы спектакілі.

– Сенің атың – Белла! Анам өткенде «Белла деген қуыршағыңмен бірге құрып кеткір!...» деп әкеме ұрысты, сол Белла сенсің ғой, иә?

– Қуыршақ үнсіз басын изегендей еді» дейді жазушы (Мырзахмет, 2013:164). Иә, кішкентай қыздың қуыршақпен сөйлесуі қалыпты нәрсе. Алайда бас кейіпкер есейгенде де қуыршақпен сөйлесіп, қолынан бір елі тастамайды. Қуыршақ ойнау кейіпкердің жан дүниесінен хабар береді. Бұл ойын элементі адамның жеке және эмоционалдық қасиеттерін сипаттау үшін қолданылады.

Қуыршақ – маңызды символдық объект. Оның көмегімен автор тұлғаны сипаттайды. Жазушы әрі сыншы Данила Тоқтасынова «Дактиль» журналында жарияланған «Алмаз Мырзахметтің «Дежавю» әңгімелер жинағы жайлы» атты мақаласында жазушының психологизмді шебер меңгергенін сөз етеді. «Автор жалғыз бөлмедегі, жалғыз кейіпкер жайлы көп жазады («Автопортрет», «Қуыршақ», «Жазушы жазбасы»). Ол қағаз адамдардың әлеуметтік жағдайын көрсеткісі келгені ме, не автордың өз тәжірибесін ғана жазғаны ма, болмаса кейіпкерлердің психологиясын көрсеткісі келгені ме, әлде қаламгердің өз ішкі жалғыздығын әр кейіпкеріне сала бергені ме, ол жағы белгісіз...Осыған ұқсас «Қуыршақ» әңгімесіндегі бас кейіпкерді «Актриса» десе, «Автопортреттегі» кейіпкерді «Суретші» дейді. Бұл да жазушының оқырманға неге назар аудару керектігін көрсету үшін берілген деп ойлаймын», – дейді жас сыншы (Тоқтасынова, 2023). Актриса мен қуыршақтың ұқсастығы көп. Екеуі де адамға қызмет етеді, екеуі де мінсіз болуы керек, екеуі де басқаның дегенімен жүреді. «Кел екеуміз өмірімізді айырбастайық!» (Мырзахмет, 2013:166) деп қуыршақтың өміріне қызығуының сыры – отбасындағы дау-жанжал, ата-анасының бірде тату, бірде араз болуы. Осының салдарынан қыз да қуыршақ тәрізді әркімнің жетегінде жүріп, театр актрисасы болу деген арманына жеткендей болып еді, бір мезетте одан да айрылды. Автордың қуыршақты шығармасына арқау етуінің екі түрлі мотивін байқауға болады. Бірі – өз өмірін өзгенің қолына тапсыра салып, дегенімен жүретін қуыршақ-адам және де ешкімге айта алмаған сырды айтатын қуыршақ-дос.

Әдебиеттанушы Ю.Лотман «Куклы в системе культуры» мақаласында біздің мәдени санамыздағы қуыршақтың бет-бейнесінің екі көрінісі туралы жазады: бірі балалық шақтың құрамдас бөлігі болса, екіншісі жалған өмірмен, өлі қозғалыспен, өліммен, өзін өмір ретінде көрсетумен байланысты. Біріншісі фольклор, ертегі, бүгінгі әлемге қатысты болса, екіншісі жаһандану мәселелерін, жатсынуды, екіге бөлінуді еске түсіреді (Лотман, 1992). Байқағанымыздай, Алмаз Мырзахметтің әңгімесінде әуелі кішкентай қызға ойыншық әрі сырлас дос болған қуыршақ кейіннен қоғамды жатсыну, қабылдамау мотивіне ұласады. «Сонда мен өмір экранына қарап, қозғалыссыз отырған көрермен болғаным ба? Әлде әлдекімнің ойлап тапқан көрінісін көрсету үшін бәзбіреудің саусақтары арқылы қозғалып тұрған, аяқ-қолына жіп байланған қуыршақпын ба?» деген актрисаның ішкі монологынан автордың шығармаға қазық еткен басты идеясын түйіндеуге болады (Мырзахмет, 2013:170).

Яғни, «өз өміріңе өзің иелік ет, біреудің басқаруындағы қуыршақ болма» деген авторлық ұстаным жатыр. Жазушы ойыншық қуыршақтың образы арқылы басты кейіпкердің жалғыздығын көрсетіп отыр. Әкесі мен анасының жараспауынан кішкентай қызда өмір – театр, ал адамдар – рөл сомдайтын қуыршақтар деген түсінік қалыптасады. Басты кейіпкерді актриса қылып, оны: «Адамның мейлінше жұмбақ, құпиялы болғаны жақсы ғой. Барлық есіктерді ашып тастасам менің әлемім сізге мұншалықты қызықты болмас еді» деп сөйлетуінде де мән бар (Мырзахмет, 2013:169). Яғни, қуыршақ секілді тылсым, тілсіз, мінсіз болу, өз «менінді» қоғамнан жасыру мотиві жатыр.

Автор ойыншық қуыршаққа тіл бітіреді. Бірақ тек актрисаның ойында ғана. Әңгіме, осылайша, сана ағымына құрылып, бас кейіпкер өз-өзімен тілдеседі. «Қуыршақ оны түсініп қойды. Бүгін ерекше көңілді еді, қайдағы жоқ есіне түсіп...

– Неге менен көзіңді алмайсың сен! – деп актриса қуыршаққа ашулана бастады.

– ...

– Мен – сенің сахнада емес, сен – менің сахнамдасың!

– Ал сен – менің кейіпкерімсің!!! – деді қуыршақ, бұдан әрі шыдай алмай.

– Түсінбедім?..

– Қалай, мен сияқты болған жақсы ма екен? – деді енді мысқылдап.

– ...

– Кім қуыршақ сонда, мен бе, сен бе?

Енді үндемей жауап қайтарудың кезегі ауысқан. Сөз таба алмай қиналғандықтан қуыршақты қолына жатқызып еді, ол көзін жұмбай, тік қарап, сазарып, қырсықты. Езуінде үйірілген күлкісі актрисаның жан-дүниесін астан-кестен еткен. Актриса ызаға булығып қуыршақты шашынан ұстап, балконнан лақтырып жіберді...» (Мырзахмет, 2013:173) деп шығарма актрисаның қуыршақты осылай пәтерінің терезесінен лақтырып жіберуімен аяқталады. Автор кейіпкердің қиялында қуыршаққа тіл бітіріп, екеуін сөйлестіреді. Бұл актрисаның өз ойларының құрсауынан шыға алмағанын көрсетіп тұрғандай.

Енді бір әңгімелерде қуыршақ образ ретінде көрінбесе де, кейіпкердің мінез-құлқын ашатын, оның ішкі күйін оқырманға сездіретін көркемдік деталь түрінде қолданылады. Мәселен, Лира Қоныстың «Қош, Күнекей» әңгімесіндегі қуыршақ – балалық шақтан қалған естелік ойыншық. Шығарманың басты кейіпкері қыз түсінде әжесі сыйлаған Күнекей есімді қуыршақты, оны өзінің алты жасар кезіндегі елесі алып кеткенін көреді. Оянса, қуыршақтың жоқ екенін байқайды. Бұдан мистикалық сарын басым екенін көреміз. «Бұл мен ойнаған жалғыз қуыршақ. Күнекей кәдімгі қуыршақтардан бөлек, әдеттегі шикізаттардан емес, түрлі шөптердің сығындысынан жасалды. Бұл денсаулыққа пайдалы дейтін әжем. «Сенің денсаулығың үшін бір сиырдың құнына сатып алдым, жұрттың қыздарына ұстатпай, көшеге шығара бермей күтіп ойна!» дейтін» (Қоныс, 2013:101) деп қуыршақтың ерекшелігі сипатталады.

Әлем тарихына көз жүгіртер болсақ, бастапқыда қуыршақ анимистік түрде адамға пұт ретінде қолданылған. Осыған байланысты зұлым перілер бесіктен нәресте ұрлағанда орнына ауыстырып қоятын вуду қуыршақтары, татарлар жаман ауру кезінде

өлімді алдау мақсатында жерлейтін қуыршақтар, славян Құдайларына құрбандыққа шалынатын жас әйелдердің орнына әйелдер киіміндегі бөрене қуыршақтар пайда болды. Қуыршақтың сиқырлы қасиеттеріне сену Берегинья қуыршақтарында және Масленица өртеу рәсімінде көрінеді. Жалпы, түрлі халықтарда, әсіресе, орыс халқында қуыршақты тұтыну мақсатына қарай бірнеше түрге бөледі. Салт-дәстүр қуыршақтары аналық, үйлену тойы, жерлеу қуыршақтары болып бөлінеді. Ал тұмар немесе емдік мақсаттағы қуыршақтарды қорғайтын, тазартатын деп жіктейді (Лотман, 1992). Әңгімедегі кейіпкердің де әжесі қуыршақты немересінің денесіне бөрткен, қызамық көп шығатын болғандықтан ем болсын деп Қара теңізден әкелген. Бұл әңгімеден қуыршақтың емдік және балалық шағымен байланыстырып тұрған естелік сыйлық мақсатында қолданылғанын байқаймыз. Қуыршақты автор «өңі жасыл, ұзын көйлекті, басында шибарқыт қалпағы бар бойжеткен бейнесіндегі қуыршақ» деп сипаттайды (Қоныс, 2013:100). Басты кейіпкер түсті балалық шағын, әжесін сағынғандықтан көрді деп түйіндеуге болады. Оны кейіпкердің өзі де айтады. Демек, бұл шығармадағы қуыршақ кейіпкерді өткенімен байланыстырушы естелік рөлін атқарып тұр. Ал оянғанда қуыршақтың жоғалып кетуі жұмбақ күйде қалмақ.

Қазіргі әдебиетте қуыршақ образы көбіне ең драмалық және қайғылы жағдайларда қайтымсыз жоғалған балалық шақтың символы ретінде немесе баланың өлімін сипаттау кезінде қолданылады. Лира Қоныстың «Неміс тілі апайы» әңгімесінде қуыршақ бастан-аяқ сөз болмаса да, сәбиінен айрылған ананың күйзелісін толықтыратын деталь ретінде қолданылған. Оқиға Талбүбі есімді неміс тілі пәні мұғалімінің трагедиялы тағдырына құрылған. Жазушы Талбүбіні оқып-тоқыған, еңбекқор, мейірімді қыз ретінде суреттейді. Қағылез күйеуі салған ойранның кесірінен, кішкентай Гүлсім атты сәбиі самаурындағы қайнап тұрған суға күйіп, мерт болады. «Бетіңе қарап құрдан-құр есіріктене күледі. Жалаң аяқ. Бір түнде жүзіне шимай-шимай әжім ойнақтапты. Қап-қара шашының кекіл түсі эппақ. Қолында Гүлсімнің қуыршағы бар. Соны бауырына қысып әндетеді» (Қоныс, 2013:134) деп автор қазадан кейінгі ананың халін атаулы сөйлемдермен сипаттайды. Араға он-он бес жыл салғаннан кейін Талбүбі қала кезіп, қуыршағы қолында, әлі жоқтау әнін айтып жүрген қайыршы бейнесінде суреттеледі. Бұл әңгімеде қуыршақ-сәби образын көреміз. Бұл мотив Мира Шүйіншәлиеваның «Шүберек қуыршақ» (Шүйіншәлиева, 2006) повесінде де бар. Шығарманың «Шүберек қуыршақ» аталуы, Аягүлдің сәбиін жоғалтқандағы қуыршақпен ойнауы бекер емес. Біріншіден, шүберек қуыршақ – ұрпақ, бала. Екінші жағынан, басты кейіпкер Аягүлдің тым жас шағында шүберекке оранып келмекке кетуі. Үшіншіден, кейіпкердің басында болған трагедиялық жағдайдың бейнесін көрсетуші. Байқағанымыздай, көбіне кейіпкердің қуыршақ ойнайтыны немесе ойнамайтыны баланың немесе тіпті ересек адамның дамуындағы ауытқу туралы, ол бастан кешкен стрестік жағдайдан хабар береді. Бұл орыс және әлем әдебиетінде де кеңінен қолданыс тапқан.

Филология ғылымдарының кандидаты Ирина Подавылова «Игрушка в художественной литературе XIX-XX вв.» мақаласында қуыршақтың антропоморфты ойыншық ретінде ерекше орын алатынын, бұл қасиеті оның балаларға емес, ересектерге қатысты болатынын айтады (Подавылова, 2020:97). Зерттеушінің бұл

тұжырымын жазушы Айгүл Жұбаныштың «Қуыршақ» әңгімесі дәлелдей түспек. Әңгімеде қуыршақ кейіпкердің дәл көршірмесі іспеттес суреттелген. Баяндаушы Айым есімді бала кездегі құрбысының трагедиялық тағдырын баяндайды. Мәселен: «Кейін Айым анам әкеліп берген қуыршақпен біздің үйде ғана ойнап, қалдырып кететінді шығарды. Оның ойыны менікіне мүлдем ұқсамайды. Біртүрлі мұңлы ойын. Қуыршағын бірде жылатады, бірде жұбатады. Кейде томсырайып тілдеседі. Көбіне қуыршақтың мейірімді анасы болуға тарысады. Өзі де қуыршақ сияқты сүйкімді қыз болатын» деген тұсында бала Айымның қуыршақпен ойнауының өзі өгей анадан көрген қорлығын көрсетіп тұрғандай (Жұбаныш, 2020). Кейін нағашы әжеден тепкі көріп, жезөкшелікке салынып кетеді. Құрбысы көшеден тауып, өз пәтеріне әкелсе де, Айым «мамандығынан» ұзап кете алмайды. «Екі ғана чемоданы бар. Бірінде киім-кешегі, енді бірінде толған қуыршақ...» (Жұбаныш, 2020) деген тұста кейіпкердің ішкі күйі қуыршақпен астасып жатқанын байқаймыз. «Алдап жанына отырып, арнайы сатып алған қуыршағымды бердім. Бала сияқты мәз болды.

– Келесі келерде Барби сатып әкеліп берші, иә? – деді.

– Оны қайтесің? – дедім.

– Фигурасы ұнайды. Бір карағанда мен сияқты. Тек жігітсіз жүргендері қиын.

– Айым, қуыршақта жігіт болмайды. Бүгін дәріңді іштің бе?

– Неге жігіт болмайды? Болады. Сендер көре алмайсыңдар, сосын оларды жалғыз санайсыңдар. Мына қуыршақтардың барлығы күнде менімен сырласады. (Ол бас жағындағы жиналып тұрған қуыршақтарды көрсетті)» (Жұбаныш, 2020). Бұл жерден жоғарыда сөз болған ауытқушылықтың белгісін байқаймыз. Бала шағынан бастап өмірінің соңына дейін бас кейіпкер қуыршағын тастамайды. Кейіпкердің ішкі күйін қуыршақты сөйлетпей-ақ көрсетіп тұр. Мына мысалда да тұжырымымыз дәлелдене түседі. «Гүлді асықпай, сындыра бастады.

– Қуыршақ, кел, тездетіп же! Аш аузыңды!

Гүл жапырақтарын қуыршақ аузына тақады:

– Ақымақ неме, аш аузыңды, тездетіп жемесең несібеңнен айрыласың. Қазіргі адамдар тойымсыз. Бол!

Ашуланып, қуыршақты ұра бастады. Маған сұрланып қарады да, гүлді бетіме лақтырып жіберді. Үндемедім. Ол тағы да таркылдай күлді. Сосын шашын жұла бастады. Шыдай алмай, айқайлап ем, сұқ саусағын мұрнының ұшына апарып, «тсс!» деді. Айымның даусын естіп, палатаға дәрігерлер кірді. Ол маған ызаланып:

– Қуыршақпен ойнағанымды тағы да көре алмадың, – деп айқайлады.

– Айым, білесің ғой, мен сені жақсы көрем.

Ол зорлана жымиып, «жөккк» деп айқайлады. «Егер жақсы көрсең, бала кезімде менің қуыршағымды тартып алмас ең». Ол мені шатастырып тұр...» (Жұбаныш, 2020). Көрген бейнеттің салдарынан Айым психологиялық ауруға ұшырап, кейін өзін асып өлтіреді. Адам мен қуыршақтың, тірі мен механизмнің дихотомиясы қоғамның автоматизмі идеясын ғана емес, адамның рухани азғындауын да көрсетеді. Осы қорытындыны нақтылай түсетін И.Хейзинг мына анықтамасында: «Ойын ерікті түрде өзінің шекарасы мен уақытын қабылдау арқылы іске асатын іс-қимыл немесе ойын арқылы ішкі қуаныш, тіршілікті қабылдау сезімдерін білдіретін күнделікті

тіршіліктен бөлек болмысты қамтитын ерікті әрекет», – деп көрсетеді (Хейзинг, 1949:41).

Жазушылар шығармаларындағы кейіпкер-ойыншық, кейіпкер-қуыршақтар шынайы өмірді жоққа шығаратын тірі қуыршақ ретінде ғана емес, адамның «өлуін», оның адамдық қасиеттерін жоғалтуын білдіреді. Жазушы Айгүл Жұбаныштың бұл шығармасы өте өзекті әлеуметтік мәселені қозғайды. Отбасының толық болмауы, бала тәрбиесіне мән бермеу, ата-анасынан жылу ала алмаған бейкүнә қыздың ішкі психологиялық күйзелісі, жезөкшелікке салынып кетуі, бәрі-бәрі көрініс тапқан. Айым да, әңгімені баяндап отырған құрбысы да кішкентайларында қуыршақпен ойнаған. Бірақ екеуінің тағдыры екі түрлі арнада өрбіді. Бақытсыз балалық шағының құрбаны болған Айымның есейгенде де қуыршақпен тілдесіп, ойнауы, оны жинауы айықпас дертке айналды. Екі кейіпкердің арасындағы орасан айырмашылықты жазушы осылай көрсете білген.

4. Зерттеу нәтижесі

Қазіргі қазақ прозасындағы әңгімелерді талдау барысында қуыршақтың көркемдік образ ретінде келесі қызметтерді орындайтынын көреміз.

Біріншіден, қуыршақтың мифологиялық және мистикалық қыры М.Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесінде айқын көрінді. Мұнда қуыршақ адамнан тыс тылсым күштің, вампиризм мен магияның көрінісіне айналған. Зәңгі қуыршақтың вуду нанымдарымен сабақтас сипаттары қуыршақтың магиялық делдал ретіндегі қызметін айқындайды. Қуыршақ жан алғыш қыздың тылсым табиғатын сипаттайтын әрі кейіпкердің өміріне ықпал ететін мистикалық кодқа айналған.

Екіншіден, ойын мен психологиялық қызметке негізделген қуыршақ образы қазіргі қазақ прозасында кең қолданысқа ие екені байқалды. Алмаз Мырзахметтің әңгімесіндегі қуыршақ – жалғыздық, ішкі күйзеліс, тұлғалық дағдарыс үстіндегі кейіпкердің сырласы әрі символдық сомдалған екінші «мені». Мұнда қуыршақ ойыншықтан гөрі психологиялық проекцияның нышаны ретінде көрінеді. Жазушы қуыршақ арқылы кейіпкердің шынайы өмірден оқшаулануын, өзін-өзі жоғалтуын, қоғамға қарсы іштей қарсылығын білдіреді.

Үшіншіден, қуыршақтың естелік, балалық шақ, орны толмас сағыныш символы ретіндегі қызметі Лира Қоныстың «Қош, Күнекей» және «Неміс тілі апайы» әңгімелерінен анық көрінді. Әжесі сыйлаған Күнекей қуыршағы – балалық шақтың нышаны, өткен мен бүгін арасындағы рухани көпір іспетті. Ал баласын жоғалтқан ананың қолындағы қуыршақ – психологиялық күйзелісті суреттейтін көркемдік деталь.

Төртіншіден, қуыршақтың психологиялық ауытқушылық маркері ретіндегі қызметі Айгүл Жұбаныштың «Қуыршақ» әңгімесінде ерекше байқалады. Зерттеу барысында қуыршақ ойнаудың ересек кейіпкердің психикасындағы ақаудың белгісі ретінде берілуі Айым образында дәлелденді. Бұл жерде қуыршақ адамның ішкі трагедиясын, психикалық жарақатын ашатын көркемдік айна ретінде көрінеді.

Бесіншіден, мақалада қуыршақтың көркемдік қасиеттері Лотманның қуыршақ психологиясы туралы теориясымен үндесті. Қуыршақтың «екі әлемнің шекарасындағы» тірі мен өлі, табиғи мен жасанды, шынайы мен жалған арасындағы дәнекер ретіндегі дуализмі қазіргі прозадағы әңгімелерде толық көрініс тапты.

Жалпы, зерттеу нәтижесінде қуыршақ образы қазіргі қазақ прозасында: мистикалық кейіпкер, психологиялық символ, мәдени код, метафора, әлеуметтік және рухани дағдарыстың айғағы, тұлғаның ішкі әлемін ашатын көркемдік деталь ретінде қызмет ететіні анықталды. Сонымен қатар, қуыршақ бейнесінің мифтік-нанымдық архетиптерден қазіргі психологиялық-әлеуметтік контекстке дейінгі ұзақ эволюциясы қазақ жазушыларының шығармаларында ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени кодтармен ұштасып отырғаны да айқындалды.

Осылайша, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі қуыршақтың қолданылу мотивтері анықталып, шығармалардағы қуыршақ бейнесінің сипатталу ерекшеліктеріне талдау жүргізілді. Қуыршақ элементі бар қазақ шығармалары ғалымдар тұжырымдарымен салыстыра зерттеліп, қуыршақтың адам образын ашудағы рөлі мен маңызы айқындалды.

5. Қорытынды

Қазіргі қазақ прозасындағы қуыршақ образы – символдық жүк арқалаған көркемдік феномен. Жоғарыда талданған шығармалардың барлығында дерлік қуыршақ бас кейіпкермен бірге жүретін қосалқы образ бола отырып, кейіпкер болмысын танытатын, оның психологиясын, ішкі дағдарысын, қоғамға деген көзқарасын айқындайтын қуатты көркемдік құралға айналған. Жазушылар қуыршақты мағына үстеуші, мінездеме беруші, символикалық астар жүктейтін деталь ретінде толықтай пайдалана білген. Сол себепті қуыршақ образы жеке дара емес, бас кейіпкердің тағдырымен, оның ішкі әлемімен сабақтасқан тұста ғана айшықталып, көркемдік қызметін толық атқарады.

Ю.Лотманның: «Ересектер әлеміне көшкен кезде қуыршақ балалар, фольклорлық, мифологиялық және ойын әлемі туралы естеліктерді алып жүреді, бұл қуыршақты кез келген «ересек» өркениеттің қажетті құрамдас бөлігі етеді», – деген тұжырымы (Лотман, 1992) қазіргі қазақ прозасына да тікелей қатысты. Сол себепті қуыршақ бейнесі бүгінгі прозада көне мағыналарын жоғалтпай, жаңа мазмұндық қабаттармен толығып, әдебиетте өзектілігін арттырып отыр.

Қорытындылай айтқанда, қуыршақ образы қазіргі қазақ әңгімелерінде адамның ғана емес, жалпы қоғамның, әлеуметтік қатынастардың, рухани ахуалдың айнасына айналған. Бұл образға сүйенген шығармаларды зерделеу қаламгерлердің жаңашыл ізденістерін, көркемдік әлемінің кеңеюін, психологиялық, символикалық тереңдікке бет алғанын айқын көрсетеді. Қуыршақты шығармаларына арқау еткен қазіргі шығармаларды зерттей келе, образдың ғана емес, қаламгерлердің де прозадағы мазмұндық, пішіндік жаңалықтарын аша түсетінімізге сеніміміз мол.

Әдебиеттер:

1. Жұбаныш А. Қуыршақ // Қаламгер. – 2020. – 30 мамыр. URL: <https://qalamger.kz/literature/proza/ajg-l-zh-banysh-u-y-r-sh-a/300>.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
3. Қоныс Л. Шахарбанудың сыңсуы: Проза/ Лира Қоныс. – Алматы: «Жалын» ЖШС, 2013. –192 б.
4. Лотман Ю.М. Мәдени жүйедегі қуыршақтар // Лотман Ю.М. Үш томдық тандамалы мақалалар. Т.И. Мәдениеттің семиотикасы мен типологиясы туралы мақалалар. Таллин, 1992.

5. Мағауин М. Құмырсқа-қырғын. Әңгімелер кітабы. – Астана: Аударма, 2004. – 352 б.
6. Морозов И.А. Дәстүрлі және қазіргі мәдениеттегі қуыршақ феномені. Антропоморфизм идеологиясын мәдениетаралық зерттеу. М.: «Индрик» баспасы, 2011. – 352 б.
7. Мырзахмет А. Ханшайым: Проза/ Алмаз Мырзахмет. – Алматы: «Жалын» ЖШС, 2013. – 192 б.
8. Подавылова И.А. 19-20 ғасырлардағы көркем әдебиеттегі ойыншық. Тамбов: Свидетельство, 2020. Том 13. Шығарылым 8. 101 б.
9. Салтыков-Щедрин М. Е. Деректер жинағы: М., том 20, шығарылым 16, кітап 1. – 1974. – 750 б.
10. Сәулембек Г.Р. Мистикалық прозадағы вампиризм: М.Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесі негізінде // Керуен. – Том 73, – №4. – 2021. – Б. 149-160. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-15>
11. Сергеева-Клятис А.Ю, Россомехин А.А. Бандмейстер, сәулетші, ботаник және антрополог: В.Маяковскийдің «Омыртқа флейта» поэмасының астарлы мәтіні мен контекстінде // Russian Literature. – Т. 86, – 2016. – Б. 7999. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ruslit.2016.08.003>
12. Тойшанұлы А.М. Мағауиннің жаңа прозасының алтын өзегі [Мәтін]: әдебиеттану / А.Тойшанұлы // Жұлдыз. – 2010. – № 8. – 182-191 б.
13. Тоқтасынова Д. «Алмаз Мырзахметтің «Дежавю» әңгімелер жинағы жайлы» // «Дактиль» журналы, 2023. – №45.
14. Хуизинга Дж. Хомо Луденс: Мәдениеттің ойын элементтерін зерттеу. Лондон: Роутледж және Кеган Пол, 1949 ж. – 213 б.
15. Чи-Лин Ю, Уэллман Х. Кішкентай балалар марионеткалар мен қуыршақтарды ақыл-ой теориясында нақты адамдар сияқты қарастырады. Cognitive Development. – Т. 63, – 2022. DOI: [10.1016/j.cogdev.2022.101197](https://doi.org/10.1016/j.cogdev.2022.101197).
16. Шүйіншәлиева М. Шүберек қуыршақ: повесть пен әңгімелер / М. Шүйіншәлиева. – Алматы: Арыс, 2006. – 160 б.

References:

1. Dictionary of the Kazakh Literary Language. 15 vols. Vol. 10. Edited by M. Malbakov, N. Ongarbaeva, A. Uderbayeva, et al. Almaty, 2011. 752 p. (in Kaz)
2. Zhubanysh A. The Doll. Qalamger, May 30, 2020. URL: <https://qalamger.kz/literature/proza/ajg-l-zh-banysh-u-y-r-sh-a/300> (in Kaz)
3. Konyas L. The Whispering of Shakhharbanu: Prose. Almaty: Zhalyyn, 2013. 192 p. (in Kaz)
4. Lotman Y. M. «Dolls in Cultural Systems». In Selected Articles in Three Volumes: Vol. I. Articles on the Semiotics and Typology of Culture. Tallinn, 1992. (in Russ)
5. Magauin M. The Ant-Calamity: A Book of Stories. Astana: Audarma, 2004. 352 p. (in Kaz)
6. Morozov I.A. The Phenomenon of Dolls in Traditional and Contemporary Culture: A Cross-Cultural Study of Anthropomorphism Ideology. Moscow: Indrik, 2011. 352 p. (in Russ)
7. Myrzakhmet A. The Princess: Prose. Almaty: Zhalyyn LLP, 2013. 192 p. (in Kaz)
8. Podavylova I.A. Toys in 19th–20th Century Fiction// Svidetelstvo, Tambov, 2020, Vol. 13, Issue 8, 101 p. (in Russ)
9. Saltykov-Shchedrin M. E. Collected Data. Moscow, Vol. 20, Issue 16, Book 1, 1974. 750 p. (in Russ)
10. Saulembek G.R. Vampirism in Mystical Prose: Based on M. Magauin's Story «The Doll» // Keruen, Vol. 73, No. 4, 2021, pp. 149–160. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-15> (in Kaz)
11. Sergeeva-Klyatis A.Yu., Rossomakhin A.A. Bandmaster, Architect, Botanist, and Anthropologist: On the Subtext and Context of V. Mayakovsky's Poem Flute-Vertebra. Russian Literature, Vol. 86, 2016, pp. 79-99. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ruslit.2016.08.003> (in Russ)
12. Toyshanuly A.M. The Golden Core of Magauin's New Prose [Text]: Literary Studies. Zhuldyz, 2010, No. 8, pp. 182-191. (in Kaz)
13. Toktasynova D. On Almaz Myrzakhmet's Déjà vu Story Collection // Dactyl, 2023, No. 45. (in Kaz)
14. Huizinga J. Homo Ludens: A Study of the Play-Element in Culture. London: Routledge & Kegan Paul, 1949. 213 p. (in Russ)
15. Chi-Lin Y., Wellman H. Young Children Treat Puppets and Dolls Like Real Persons in Theory of Mind Research: A Meta-Analysis of False-Belief Understanding Across Ages and Countries // Cognitive Development, Vol. 63, 2022. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.cogdev.2022.101197> (in Eng)
16. Shuyinshaliyeva M. The Cloth Doll: A Novella and Short Stories. Almaty: Arys, 2006. – 160 p. (in Kaz)